

1-17 тамыз аралығында

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысу үшін талапкерлер өтінімдері қабылданады.

Бағдарлама аясында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне 2023-2024 оқу жылына бөлінген грант саны - **20**.

Мамандықты талапкердің өзі таңдайды, мамандықтар бойынша **шектеу жоқ**. Грант екінші жоғары білім алуға берілмейді.

Грант бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың барлық кезеңін қамтиды. Оқу құны бойынша шектеме әр студентке **1 млн теңгеге дейін** құрайды, егер студенттің жылдық оқу құны осы сомадан жоғары болса, онда айырмашылықты студенттің **өзі төлейді**.

Грант иегерлеріне жазғы демалыс кезеңін қоспағанда, 10 ай ішінде (жыл сайын) 40 000 теңге мөлшерінде шәкіртақы төленеді. Қор бөлетін гранттар – **өтеусіз, қайтарымсыз көмек**, грант иеленушінің оқу аяқталғаннан кейін Қор алдында міндеттемелері болмайды.

Қажетті құжаттар тізімі:

- талапкердің ҰБТ нәтижелерінің түпнұсқасы, білім алушының транскрипті;
- нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған талапкердің жеке куәлігінің көшірмесі;
- нотариус немесе ЖЖОКБҰ куәландырған, талапкердің «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасына қатысушы санатына жататынын растайтын құжаттар:

○ *Ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы аз қамтылғандар:*

- ағымдағы жылға өзекті АӘК алушының анықтамасы (egov.kz) немесе кандидаттың тұрғылықты жері бойынша әкімдігінен/жұмыспен қамту орталығынан, отбасының әлеуметтік мәртебесі туралы (аз қамтылған отбасы), әкім орынбасарынан төмен емес лауазымды адамның қолы қойылған анықтама;

- жалпы орта білім туралы аттестаттың көшірмесі (ауыл мектебі, шағын не моноқала мектебі).

○ *Жетім немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар:*

- екі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру туралы, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп тану туралы сот шешімі, баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесі).

○ *Мүгедектігі бар азаматтар:*

- талапкердің ағымдағы жылға өзекті мүгедектігі туралы анықтамасы (медициналық-әлеуметтік сараптама).

○ *Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан азаматтар:*

- талапкердің туу туралы куәлігінің көшірмесі және отбасы мүшесі қатарындағы мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баламен туыстық байланысты растайды);

- ағымдағы жылға өзекті отбасындағы балалардың (18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі.

○ *2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан ҚР азаматтарының балалары және жараланған балалар, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен ҚР қайтыс болған азаматтарының балалары:*

- дерекнама негізінде әзірленетін Қор анықтамасы.

Байқау нәтижелері 11 қыркүйекке дейін qazaqstanhalqyna.kz сайтында жарияланады.

Білім беру гранты байқауына

- одан бұрын жоғары білім алмаған,
- ағымдағы күнтізбелік жылында шектік балл жинаған ҰБТ сертификаты бар,
- жасы 29-дан аспаған
- келесі санаттағы ҚР азаматтары қатыса алады:

1) ауылдық жерлердегі, шағын және моноқалалардағы табысы аз отбасылардан шыққан;

2) жетім немесе кәмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

3) мүгедектігі бар адамдар;

4) мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан;

5) 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан ҚР азаматтарының балалары;

6) 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде жараланған балалар;

7) төтенше жағдайлар кезінде қаза тапқан ҚР азаматтарының балалары (Қордың Қамқоршылық кеңесінің шешімі негізінде).